

Асу-Бұлақ кентіндегі Горная көшесінің атын өзгерту туралы

Шығыс Қазақстан облысы Ұлан ауданы Асу-Бұлақ кентінің әкімінің 2009 жылғы 02 қарашадағы N 2 шешімі. Шығыс Қазақстан облысы Әділет департаментінің Ұлан аудандық Әділет басқармасында 2009 жылғы 25 қарашада N 5-17-117 тіркелді

Р Қ А О е с к е р т п е с і .

Мәтінде авторлық орфография және пунктуация сақталған.

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Заңының 35 бабының 2 тармағына сәйкес, 1993 жылдың 8 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының «Әкімшілік аумақтық құрылысы туралы» Заңының 14 бабының 4 тармағына сәйкес,

ШЕШЕМІН:

1. Жергілікті халықтың пікірін ескере отырып, Асу-Бұлақ кентіндегі Горная көшесінің аты Тұрған Тоқтаров атына өзгертілсін.
2. 1999 жылғы 08 маусымдағы № 16 «Асубұлақ кентіндегі Горная атындағы көшесіне Т. Тоқтаров атын беру туралы» шешімінің күші жойылсын.
3. Осы шешім алғаш ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.
4. Осы шешімнің орындалуын қадағалауды өз құзырымда қалдырамын.

Әкім

Н. Актанов